

Арын Ә.А.

Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
«Қаржы» мамандығының
2 курс магистранты

КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫН ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Білім, ғылым, инновация – жас зерттеушілердің үлесі» атты жоғары оқу орындары арасындағы студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, «Тұран-Астана» Университеті, 18 ақпан 2011 ж. 39-44 бб.

Материалы межвузовской студенческой научно-практической конференции «Образование, наука, инновации – вклад молодых исследователей», посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан, Университет «Туран-Астана», 18 февраля 2011 г. 39-44 стр.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған сәттен бастап әл-ауқаты төмен тұрғындарды қолдау, экономиканың нақты салаларын дамыту мемлекеттік саясаттың алдыңғы қатарлы бағытына айналды. Нарықтық экономикаға өтумен бірге отандық кәсіпкерлер мен тұтынушылардың қаржылық ресурстарға деген сұранысының өсуі қаржылық қызметтерге деген анағұрлым толық қол жетімділіктің болуын талап етті. Өтпелі экономикасы бар көптеген елдердегі сияқты Қазақстанда да шағын кәсіпкерліктің дамуы тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтерудің анағұрлым тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылды. Бұл ретте ең басты компонент ретінде микроқаржыландыру танылды. Сондықтан, еліміздің қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайын, жалпақ жұртшылықтың тұрмысын жөнге келтіретін бірден-бір сала – микроқаржыландырушы ұйымдар екені даусыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 1284 Қаулысына сәйкес елімізде Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын. Бұл тұжырымдамада: «Қазақстанның ТМД және Орталық Азияда қаржы секторында өңірлік көш басшылыққа қол жеткізуі үшін 2007-2011 жылдар кезеңінде бірінші кезеңде негізгі күш Қазақстанның қаржы секторын нығайтуға, оның тұрақтылығын арттыруға, кәсіпорындар мен халықты қаржы секторының қызметтерімен қамтуды кеңейтуге, оның жеке сегменттерін одан әрі дамытуға бағытталады, бұл ішкі нарықта қазақстандық қаржы ұйымдарының көзқарасын күшейтеді және өңірде және ауқымды өңір экспансиясында қаржы тарту орталығы ретінде оның қалыптасуына түрткі болады»-деп айтылған. Осыған байланысты тұжырымдамада кредиттік мекемелерге, соның ішінде экономикамыздың түрлі салаларын дамытудың тиімді құралы ретіндегі микроқаржыландыру ұйымдарына баса көңіл бөлу қажеттігі ерекше аталып өтті. Тұжырымдамаға сәйкес, микроқаржы қызметтеріне қол жеткізу арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарының және қазіргі уақытта банк секторының қаржылық қызметтерімен қамтылмаған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүмкіндігін кеңейту мемлекетіміздің басты мақсаты болып табылады, ол мыналарға мүмкіндік береді:

- кәсіпкерлік бастамасын дамыту;
- жұмыспен қамтылуын арттыру;
- өмір сүру деңгейін көтеру;
- қаржылық білімділік деңгейін көтеру.

Қазақстанда микроқаржы қызметтері ұйымдардың төрт түрін ұсынады: коммерциялық банктер (УБРД бағдарламалары арқылы), банктік емес қаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен микрокредиттік ұйымдар [1].

Жоғарыда аталып өткен мемлекет алға қойған жоспарларын орындау мақсатында 2003 жылы 28 наурызда Қазақстан Республикасында «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңы қабылданды.

2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына сәйкес, кредиттік серіктестік - жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қатысушыларының кредиттерге және басқа қаржылық, соның ішінде банктік қызмет көрсетуге деген қажеттерін олардың ақшаларын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға [2].

1994 жылы кредит серіктестігі, қоғам, одақтардың қызметтерінің негізгі принциптерін бекіткен Дүниежүзілік кеңес құрылды. Бұл принциптер төмендегідей:

- Кредиттік серіктестік демократиялық институттар болып саналады;
- Мүшеліктің еріктілігі мен ашықтығы. Кредиттік серіктестік мүшелерінің барлығының мүдделерінің сақталуы, қызмет көрсетуді пайдалануға келісімі мен өзіне тиісті міндеттемені қабылдауға әзір екендігі. Сонымен, нәсіліне, ұлтына, дініне және тұтынатын наным сеніміне қарап кемсітуге жол бермейді;
- Бизнестің немесе жинақ ақшасының салынған мөлшеріне қарамастан кредиттік серіктестіктер істері бойынша дауыс бергенде бірдей құқықты пайдаланады. Осының барлығы, яғни бақылау мен басқарудың демократиялығына байланысты [3].

Кредиттік серіктестіктер-қаржылық нарықта елеулі орынды алатын, белгілі бір шаруашылық субъектілерін қаржыландыру мен оларға қызмет көрсету мақсатында құрылған банк болып табылмайтын заңды тұлғаны білдіреді. Олар өз қызметтерін ссудалық және басқа да банктік операцияларды жүргізуде елдің тиісті мемлекеттік органы берген лицензия негізінде жүзеге асырады. Мұндай мемлекеттік өкілетті орган ретінде елдің орталық банкі шығады. Жекелей алғанда, Қазақстанда мұндай орган ҚР-сының Ұлттық Банкі болып табылады. Кредиттік серіктестіктер төмен пайыздар арқылы жеке тұлғаларына салымдарын тарта алады, сонымен қатар, олар шағын бизнестің шаруашылық субъектілеріне немесе жеке тұлғаларға қысқа мерзімге үлкен емес сомаларда несиені беруге мүмкіндіктері бар.

Құрылтайшылық келісім-шарт негізінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік формасында құрылған олар өз жарғысына сәйкес қызмет етеді. Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының саны 3-тен кем болмауы керек, олар оның міндеттемелері бойынша жауап береді және олар енгізген міндетті салымдар мен қосымша жарна құны серіктестіктің қызметі мен байланысты зияндар тәуекелін көтереді.

Кредиттік серіктестік өз міндеттері бойынша барлық мүлкімен жауап береді және өзінің қатысушыларының міндеттері бойынша жауап бермейді.

Ол коммерциялық ұйым бола отырып, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігінің лицензиясы негізінде жекелеген банктік және басқа да операцияларды орындайды. Кредиттік серіктестіктер мүлкіне меншік құқығы негізінде ие болады және ол оның қатысушыларының міндетті төлемдері мен қосымша жарналары, олар алған табыстар, сондай-ақ, ҚР-сының заңнамасымен тиым салынбаған басқа да көздер есебінен қалыптасады.

Әлемдік тәжірибеде кредиттік серіктестіктердің қызметтерінің басталуы 1900 жылдарға жатқызылады. Бұл кезеңде коммерциялық банктер жеке тұлғаларға толық қамтамасыз етілмеген аз ғана несиені беруге де аса қызығушылықтары болған жоқ. Кредиттік серіктестіктер (одақтар) «клубтар» сияқты ұйымдасқан еді, онда оның қатысушылары өз жинақтарын бір пулға біріктіріп, оларды бір-біріне қарызға ұсынды. Кредиттік серіктестіктер өзара несиелеу институттары болып табылады. Өздерінің аздап жинақтаған қаражат сомаларын сақтағысы келетін жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдай отырып, олар белгілі бір шарттар негізінде өз қатысушыларын несиелейді. Кредиттік серіктестіктің әр мүшесі серіктестік беретін мүмкіншіліктерді қолдану, яғни директорлар кеңесінде дауыс беру және олардың көмегімен қаражаттар алу үшін бір немесе бірнеше жинақтаушы «пайлары» немесе жарғы қорында үлесі болуы қажет. Кредиттік серіктестіктердің міндеттері жинақтаушы және чектік шоттар (пайлар) есебінен қалып-

тасады. Өздерінің қаражаттарын олар ұйым мүшелеріне қысқа мерзімді тұтыну ссудасы түрінде беруі мүмкін [4].

Кредит серіктестігі ҚР аумағында және одан тысқары жерде филиалдар, өкілдіктер мен еншілес серіктестіктер құруға құқы жоқ.

Кредиттік серіктестіктер мынандай қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

– Кассалық операциялар - қабылдау, қайта санау, ұсақтау, айырбастау, сұрыптау, монета мен банкнотты сақтау мен орау;

– Қарыз операциялары - кредит серіктестігінің қатысушыларына ақшалай түрде кредиттер ұсыну;

– Аудару операциялары, ақша аудару бойынша кредит серіктестігінің тапсырмасын орындау;

– Сенімгерлік (трастовые) операциясы - сенімгердің тапсырмасы бойынша (кредит серіктестігіне қатысушы) және ақшаны мүддеге сай басқару;

– Кредиттік серіктестіктің қатысушылары үшін клирингтік операциялар - алым, салыстырып тексеру, сұрыптаумен дәлелденген төлемдер, сонымен қатар олардың өзара есепке алуын және клиринг қатысушылары позициясын анықтау;

– Сейфтік операциялар - бағалы қағаздарды клиенттің бағалы заттарымен құжаттарын сақтау үшін қызмет көрсету, үй-жай мен шкафтарды, сейф жәшіктерін жалға беру;

– Кредит серіктестігіне қатысушылардың заңды және жеке тұлғалардан депозиттер қабылдау;

– Кредит серіктестігіне қатысушылардың тапсырмасы бойынша олардың банкідегі шотымен есеп айырысуларын жүзеге асыру.

Жоғарыда аталған операциялармен қатар, Ұлттық банктің лицензиясы болған жағдайда кредит серіктестігі келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

– Факторингтік операциялар - төленбеген төлемді тәуекелдікке барумен қабылдаудың тауар сатып алушының төлем талаптарының құқығын сатып алу (қызмет көрсету, жұмыс);

– Форфейтинг операциялары - сатушыға айналымсыз келмейтін вексельді сатып алу жолымен тауарларды сатып алушы борышқорлық міндеттемесін өтеу (төлеу) (қызмет көрсету, жұмыс);

– Жалға берілген мүліктің келісімшарт күшінің барлық мерзімінде жалға берушінің жалға берілген мүлкіне меншіктік құқығының сақталуы (лизинг) .

Кредиттік серіктестіктер кәсіпкерлік қызметпен айналысуына тыйым салынады. Қолданылып жүрген банк заңдарында қарастырылғандай банкілік және өзге де операцияларды кредит серіктестігі Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңгемен ғана жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестік қатысушылардың жалпы жиналысында бекітілген ішкі кредит саясатының ережесімен байланысты кредиттік серіктестік қарыз операцияларын жүзеге асырады. Кредиттік серіктестік қатысушыларға берілетін кредиттің барынша сомасы, кредиттендірудің шектемесі, кредиттің орнын жабу мен оның жағдайын қамтамасыз етуі мен оның мерзімі баяндалуы керек. Кредит тек қана оның қатысушыларына беріледі [3].

Кредиттік серіктестіктер өз қызметтерін үйлестіру, қорғау және жалпы қызығушылықтарды ұсыну, біріккен жобаларды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді шешу үшін ҚР-сы заңнамасына сәйкес кредиттік серіктестік ассоциациясы (одақтар) формасында құрылуы мүмкін, сонымен қатар, біріккен қызмет туралы келісімшарт негізінде консорциумда бола алады.

Кредиттік серіктестіктердің басқа да депозиттік үлгідегі қаржылық институттардан бірқатар артықшылықтары бар. Олар табысқа салынатын салықты төлеуден босатылады және монополияға қарсы заңдылықтың субъектілері болып табылмайды. Бұл оларға біріккен кәсіпорындарға қатысуға мүмкіндік береді [4].

Кредиттік серіктестіктердің алуан түрлілігінің бірі ауылшаруашылық кредит серіктестігі болып табылады. Оның құрылтайшысы: Орталық банк, коммерциялық және

мамандандырылған банктер, үкімет құрылымдары, жеке және заңды тұлғалар, яғни ауылшаруашылық кооперативтері, фермерлер, шаруа қожалықтары және т.б. бола алады. Олардың басты қызметі — ауыл шаруашылығына несиесіне айырысу қызметін көрсету; шаруашылық заттарын, мал, тұқым, тыңайтқыш сатып алу шығындарын және өзге де жұмыстарды несиелеу. Негізгі операциялары: қысқа және орта мерзімге ссудалар беру және салымдар қабылдау, делдалдық қызмет [5].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 184 кредиттік серіктестік тіркелген, олар 2010 жылғы мәлімет бойынша сол жылы 38 912 683 000 теңге сомасында 695 несиелер берген екен. Олардың 2 174 176 000 теңгесі қысқа мерзімді несиені құраса, ұзақ мерзімді несиелер 36 738 507 000 теңгені құрады. Кредиттеу мақсаттары бойынша қарастырсақ: жеке тұлғаларға берілген несиелер 1 822 617 000 теңге, яғни барлық берілген несиенің тек 4,7%-ын құрады. Ал заңды тұлғаларға берілген несиелер 37 090 066 000 теңгені, яғни барлық берілген несиенің 95,3%-ын құрады. Аймақтар бойынша қарастырсақ, берілген несиелердің 53,9%-ы, яғни 20 966 534 000 теңге Астана қаласына, ал 38,3%-ы, яғни 14 904 679 000 теңге Алматы қаласына тиесілі. Үшінші орынды 4,7%-бен, яғни 1 838 504 000 теңгемен Оңтүстік Қазақстан облысы иеленіп отыр [6].

Осы мәліметтің өзі кредиттік серіктестіктердің халық өміріндегі және шағын, орта бизнесті, ауылшаруашылықты дамытудағы алатын орны мен маңызының қаншалықты екенін байқатып тұрған жоқ па? Сол себепті кредиттік серіктестіктерді одан әрі жетілдіру, олардың санын арттыру – бүгінгі уақытта Елбасының халыққа жолдаған жолдауларында да, қабылданып отырған түрлі мемлекеттік бағдарламаларда да қойылып отырған басты мақсат болып отыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы
2. 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңы
3. Сейітқасымов Ғ.С. «Ақша, кредит, банктер». Алматы, 2006 ж.
4. Искаков Ұ.М, Бохаев Д.Т, Рузиева Э.А. «Қаржы нарығы және делдалдары». Алматы, 2008 ж.
5. Мақыш С.Б. «Ақша айналысы және несиесі». Алматы, 2004 ж.
6. www.stat.kz

РЕЗЮМЕ

С первых дней приобретения независимости поддержка низких слоев населения, финансирование и развитие реального сектора экономики является одним из первоначальных направлений государственной политики Республики Казахстан. Поэтому, в реализации данной цели большую роль играет сектор микрофинансирования. Одними из таких организаций являются кредитные товарищества.

В Казахстане 28 марта 2006 года был принят Закон «О кредитных товариществах». В соответствии с этим Законом, кредитное товарищество – это юридическое лицо, созданное физическими и (или) юридическими лицами для удовлетворения потребностей его участников в кредитах и других финансовых, в том числе банковских, услугах путем аккумуляирования их денег и за счет других источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан;

Кредитные товарищества создаются в форме товариществ с ограниченной ответственностью на основании учредительного договора и действуют в соответствии со своим уставом. Кредитное товарищество считается созданным с момента его государственной регистрации.

Число участников кредитного товарищества должно быть не менее трех.

Кредитным товариществам запрещается осуществление предпринимательской деятельности.

THE RESUME

From the first days of acquisition of independence support of low levels of population, financing and development of real sector of economy is one of initial directions of a state policy of Republic Kazakhstan. Therefore, in realization of the given purpose the big role is played by microfinancing sector. One of such organizations are credit associations.

In Kazakhstan «the Law on March, 28th, 2006 has been passed about credit associations». In conformity to this Law, the credit association is the legal body created physical and (or) legal bodies for satisfaction of requirements of its participants in credits and other financial, including bank, services by accumulation of their money and at the expense of other sources, not forbidden by the Republic Kazakhstan legislation;

Credit associations are created in the form of the limited liability companies on the basis of articles of incorporation and operate according to the charter. The credit association is considered created from the moment of its state registration.

The number of participants of credit association should be not less than three.

Realization of enterprise activity is forbidden to credit associations